



**Автор:** ТӨЛЕНДІ СӘБИТ ТӨЛЕНДІҰЛЫ

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 10-сынып

**Бөлім:** Веб-жобалау

**Тақырып:** HTML-ДЕ МУЛЬТИМЕДИАНЫ ЕНГІЗУ

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.4.2.4 Web-бетке мультимедиа нысандарын кірістіру үшін HTML тегтерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушы: HTML-де мультимедианы қолдану туралы біледі Көпшілік оқушы: Дыбыс пен бейнені енгізу жолдарын анықтайды Кейбір оқушы: HTML-де мультимедианы қолдану қажеттілігін түсіндіреді
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: Дыбыстық фон-звуковой фон-sound background, бейне-видео-video, дыбыс- аудио-audio, атрибут-атрибут- attribute, мультимедиа-мультимедиа- multimedia
Күтілетін нәтиже:	HTML-де мультимедианы қолдану туралы біледі. Дыбыс пен бейнені енгізу жолдарын анықтайды
Бағалау критерийлері:	HTML-де мультимедианы қолдану туралы біледі. Дыбыс пен бейнені енгізу жолдарын анықтайды. HTML тілінде мультимедианы қолдану қажеттілігін түсіндіреді, тұжырым жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	Топта бірлесіп жұмыс істеу, топ ережесіне бағыну, бір-бірінің пікірін тыңдау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Тапсырмаларды орындау барысында компьютерде html тілінде дұрыс жазылуын біледі
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын тілінде термин сөздер қолданылады
Бастапқы білім:	Скриптерді қолдану

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру: Сәлемдесу, түгендеу «Дос-досымен» жаттығуы Топ ішіндегілер бір-бірімен араласып жүреді. Жүргізуші «Дос-досымен» дегенде, ойыншылар досын ұстап, екеу болып тұрады. Жүргізуші тағы да «шаш-шашымен» дегенде, шаштарын тигізеді; «арқа- арқамен» дегенде, арқаларын тақайды т.с.с. бет- бетімен, қол-қолымен, саусақ-саусақпен, табан- табанмен, бас-басымен, тізе-тіземен, иық-иықпен деген сияқты бірнеше сөздер айтылса, соларды орындауы керек. Жүргізуші арасында бірнеше рет «дос-досымен» дегенде, қатысушылар басқа досты таңдап достасады. Достасып қойған достар қайтадан достасып қалса, ойыннан шығады. Топқа біріктіру: Сандар арқылы топтарға біріктіру. Өткен сабақты пысықтау: «Кубизм» әдісі Мұғалім текшенің алты қырына тапсырмалар дайындап жазады. Оқушылар текшедегі тапсырмаларды топта орындайды. Оқушылардың жұмыстарын ауызша мадақтау, қолдау көрсету	Текше

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (26 минут)	<p>«Миға шабуыл» әдісі - Web-беттерді жасауда қандай ұстанымдарды басшылыққа алу керек деп ойлайсың? - Мультимедиа дегеніміз не? Оқулықпен жұмыс Мұғалім тақырыпты бейнежазба немесе слайд материалы арқылы көрсетеді. Оқушылар кітаппен жұмыс істейді. Мұғаліммен бірлесіп талдайды. Ауызша мадақтау, ынталандыру Кестемен жұмыс - Берілген атрибуттардың мәнін толықтырыңдар. Практикалық жұмыс 1-тапсырма. Веб-беттен дыбыс немесе бейнефайлға сілтеме жасап аш. Ол үшін төмендегі қатарларды Блокнот программасында теріп, веб-бетті «index.html» атауымен сақта. «index.html» файлы ашқандатөмендегі веб-бет пайда болады. Дыбыс және бейнефайлдардың пиктограммаларын олардың жанына енгіз. Тапсырманы орындау барысында: 1. Дыбыстық фон BGSOUND элементін веб-бетке енгізуді үйренеміз. &lt;BGSOUND src = «дыбыстық файл атауы»&gt; 2. Гиперсілетемелер арқылы дыбыстық және бейнефайлдарды ашуды үйренеміз. &lt;a href = "аудио файл URL"&gt; сипаттама &lt;/a&gt; &lt;html&gt;</p> <pre>&lt;head&gt; &lt;title&gt;Дыбыстық және бейнефайлдарды кірістіру&lt;/title&gt; &lt;/head&gt; &lt;body bgcolor=lime&gt; &lt;H2 align=center&gt; Бейне немесе дыбыс файлын ойнату&lt;/H2&gt; &lt;p&gt;&lt;l&gt; Бетті жүктегенде дыбыс файлды ойнату: &lt;/l&gt; &lt;BGSOUND SRC="001.mp3" LOOP=INFINITE&gt;&lt;/p&gt; &lt;l&gt; Бейнефайлға сілтеме: &lt;/l&gt; &lt;A href="002.avi"&gt; &lt;img src="005.jpg" width=30 height=20 BORDER=2 ALIGN=MIDDLE &lt;/A&gt; &lt;p&gt;&lt;l&gt;Дыбыстық файлға сілтеме:&lt;/l&gt;&lt;/p&gt; &lt;A href="004.mp3"&gt;&lt;img src="006.jpg" width=30 height=20 BORDER=2 ALIGN=MIDDLE &lt;/A&gt; &lt;/body&gt; &lt;/html&gt;</pre> <p>2-тапсырма. Наурыз мейрамы жайлы веб-бет жаса. Бұл бетте наурыз жайлы ақпарат пен бейнеклип орналастыр. Броузер жұмысына арналған HTML кодтарды енгізіп, «index2.html» атауымен сақта. Қазақ қаріптері веб- бетте дұрыс көріну үшін сақтау терезесінде кодировкада «Юникод»-ты таңдау керек. HTML коды дұрыс енгізілгенде 1-суреттегі web-терезе пайда болады. Тапсырманы орындау барысында: 1. Бейнефайл енгізілген жағдайда броузер терезесінде бейнеклиптің ойнауы жүзеге асады. &lt;/p&gt; &lt;/body&gt; &lt;/html&gt;</p> <p>Дескриптор: - Веб-бет жасайды. - Веб-бетті безендіреді. - Веб-бетке бейнебаян енгізеді. Фигуралар арқылы бағалау</p>	Компьютер, оқулық  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/html-zhane-html-redaktor">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/html-zhane-html-redaktor</a>
Сабақтың соңы (4 минут)	<p>Тест тапсырмасын алу Оқушылар тест жұмысын орындайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дыбыстық фонды кірістіру үшін қандай элемент қолданылады? 2. Құжатта жүгіртпе жолды құру үшін қай тег қолданылады? 3. Жүгіртпе жолда суретті қолдануға бола ма?</li> <li>4. Жүгіртпе жолдың қандай атрибуттары бар? 5. Дыбысты және бейнені кірістіру үшін қолданылатын элемент? Бір-бірін бағалайды Кері байланыс: «БББ кестесі» әдісі Оқушылар тақырып туралы бұрыннан не білетінін, сабақта не білгенін және не білгісі келетінін кестеге жазады Үй тапсырмасы. Қайталау</li> </ol>	Компьютер, оқулық  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/html-zhane-html-redaktor">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/html-zhane-html-redaktor</a>